




МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



mmgpress



mangistaumunaigaz_jsc



mmginfo



mangistaumunaigaz

№06 (200), ШІЛДЕ, 2026

ТАРИХИ БЕЛЕС: 300 миллион тонна МҰНАЙ ӨНДІРІЛДІ!

2026 жылдың 26 маусымы — «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының шежіресіне алтын әріппен жазылатын күн болды. Бүгін түнде кен игеріле бастаған күннен бергі өндірілген мұнай көлемі 300 миллион тоннаға жетіп, тағы бір тарихи меже еңсерілді.

Бұл — бір күннің немесе бір буынның ғана жемісі емес. Бұл — уақытпен үндескен еңбек пен төзімнің, маңдай тер мен машақаттың, талай ұрпақ мұнайшысының табанды тірлігінің нәтижесі.

Талай буынның қолтаңбасы қалған осы жолда әр тонна мұнайдың артында ел игілігін бәрінен биік қойған еңбек адамының маңдай тері, кәсіпке деген адалдық пен жауапкершілік жатыр.

Осы айтулы сәтте компанияның ардагерлеріне де, бүгінгі өндіріс тізгінін ұстап отырған барша қызметкерлерге де шынайы ризашылық білдіреміз. Сіздердің қажырлы еңбектеріңіз бен ортақ іске деген берік сенімдеріңіздің арқасында бұл белес бағынды.

«Маңғыстаумұнайгаз» ұжымын осы тарихи жетістікпен құттықтаймыз!

Ел игілігі жолындағы еңбектеріңіз еселеніп, шаңырақтарыңызға бақ-береке, дендеріңізге саулық, ертеңгі күнге нық сенім серік болсын!

Архивная фотография



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

«ҚАЛАМҚАСМҰНАЙГАЗ» ӨБ-да Өңірлік Коалиция Мүшелерімен Кездесу Өтті



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қаламқас кенорындағы оқыту орталығында өңірлік коалиция мүшелерінің компания және сервистік компаниялар қызметкерлерімен кездесуі өтті. Жетпістен астам мұнайшы жиналған жиынның басты мақсаты – Қазақстан Республикасы Жаңа Конституцияның негізгі бағыттарын түсіндіру болды.

Кездесуге саяси ғылымдар докторы, «Yessenov University» гуманитарлық ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Киікбай Мыңбайұлы Жаулин және қоғам белсендісі, практик дәрігер, "Бәйшешек" қоғамдық қорының директоры Сақтағанова Алтын Сәрсенқызы қатысты.

Жиын барысында кенорын қонақтары жаңа Конституцияның негізгі басымдықтарына жан-жақты тоқталды. Олардың айтуынша, конституциялық өзгерістердің басты мақсаты – елдегі



басқару жүйесін жетілдіру, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті нығайту, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау тетіктерін күшейту. Сонымен қатар, заң үстемдігі мен әділетті қоғам қағидаттарын бекіту – жаңа құжаттың негізгі өзегі екені атап өтілді.

Кездесу ашық форматта өтіп, қызметкерлер тарапынан сұрақтар қойылды. Киікбай Мыңбайұлы мен Алтын Сәрсенқызы қойылған сауалдарға жанжақты түсіндірме беріп, конституциялық өзгерістердің ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуға бағытталғанын атап өтті.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ БЕРІК ТҰҒЫРЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі ережелері мен құндылықтарын кеңінен насихаттауға бағытталған республикалық ақпараттық-түсіндіру жұмыстары «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясында жүйелі түрде жалғасуда.

Осы бастама аясында бұған дейін, 2026 жылғы 17 маусымда Қаламқас кен орнында «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының еңбек ұжымымен мазмұнды кездесу ұйымдастырылған болатын.

Ал 26 маусым күні ақпараттық-түсіндіру тобы Жетібай кен орнына арнайы барып, «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының мұнайшыларымен жүздесті. Негізгі кездесу Мұнайшы ауылындағы Мәдениет үйінде өтті.

Іс-шара «Самұрық-Қазына» АҚ тапсырмасы және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үйлестіруімен жүзеге асырылып жатқан республикалық ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының аясында ұйымдастырылды.

Кездесуге қоғам белсенділері – ардагер эколог Орынбасар Тоғжанов пен белгілі журналист Нұрлан Оқуов

қатысып, Ата Заңның қоғам өміріндегі айрықша орны, заң үстемдігінің маңызы, азаматтардың құқықтары мен міндеттері туралы тағылымды ойларымен бөлісті. Ашық диалог форматында өткен басқосуда мұнайшылар өздерін толғандырған сауалдарын қойып, өзекті мәселелер төңірегінде еркін пікір алмасты.

Конституция – мемлекет пен қоғамның даму бағдарын айқындайтын басты құжат. Сондықтан мұндай кездесулер азаматтардың құқықтық сауатын арттыруға, елдік құндылықтарды нығайтуға және заңға құрмет мәдениетін қалыптастыруға қызмет етеді.

200-ден астам қызметкер қатысқан бұл кездесу Ата Заңда бекітілген қағидаттарды түсіндірумен ғана шектелмей, қоғам мен еңбек ұжымдары арасындағы сындарлы диалогты дамытуға мүмкіндік берген маңызды алаңға айналды. Мұндай мазмұнды жүздесулер азаматтық жауапкершілікті күшейтіп, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты нығайтуға өз үлесін қосатыны сөзсіз.



«ТҰЛҒА»: ИДЕЯДАН НӘТИЖЕГЕ ДЕЙІН

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ мен Samruk Business Academy бірлесіп жүзеге асырған «Тұлға» модульдік оқыту бағдарламасы өз мәресіне жетті. Бағдарлама компанияның жас мамандарының кәсіби және тұлғалық дамуын қолдауға, олардың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыруға және өндірістік үдерістерді жетілдіруге бағытталған.

2026 жылы бағдарламаға компанияның түрлі өндірістік және құрылымдық бөлімшелерінен 20 жас маман қатысты. Оқыту бес модульден тұрды. Қатысушылар көшбасшылық, үнемді өндіріс, креативті ойлау және мәселелерді шешудің стандартты емес тәсілдері, жасанды интеллектті қолдану, сондай-ақ тиімді презентация жасау дағдылары бойынша білімдерін жетілдірді.

Бағдарлама барысында жас мамандар тек теориялық білім алып қана қоймай, командада жұмыс істеуді, нақты өндірістік мәселелерді талдауды, өзгерістерді басқаруды және инновациялық шешімдер әзірлеуді үйренді. Оқу кезеңінің маңызды бөлігі ретінде қатысушылар өндірістік және корпоративтік қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған жобалар дайындады.

Қорытынды іс-шара аясында төрт команда өз жобаларын сараптамалық комиссия алдында қорғады. Жобаларды бағалау барысында жүргізілген талдаудың сапасы, инновациялық шешімдердің

тиімділігі, жобаның өзектілігі, экономикалық әсері, техникалық шешімдерді қолдану деңгейі және презентация сапасы сияқты негізгі критерийлер назарға алынды.

Сараптамалық комиссияның шешімімен «Smart Oilfield Team» командасының «SAFE PASS MMG» жобасы «Үздік жоба» номинациясын иеленді. Жоба өндірістік қауіпсіздік талаптарын күшейтуге, персоналды рұқсаттан өткізу процесін цифрландыруға және адами фактордың ықпалын азайтуға бағытталған тиімді шешім ретінде жоғары бағаланды.

Бағдарлама қорытындысы бойынша барлық қатысушыларға сертификаттар табысталып, белсенділігі мен жетістіктері үшін арнайы номинациялармен марапатталды. Сарапшылар жас мамандардың ұсынған бастамалары компания қызметін жетілдіруге және өндірістік тиімділікті арттыруға нақты үлес қоса алатынын атап өтті.

«Тұлға» бағдарламасы жас мамандардың кәсіби дамуына ғана емес, олардың бастамашылдығын, жауапкершілігін және көшбасшылық әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін маңызды алаңға айналды. Бағдарлама аясында қалыптасқан жаңа идеялар мен жобалар болашақта өндірістік процестерді жетілдіруге және компанияның тұрақты дамуына өз үлесін қоспақ.



ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Құрылысшылар күні – ел экономикасының дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген құрылыс саласы мамандарының еңбегі еленетін ерекше мереке. Осы айтулы күн қарсаңында редакциямыз «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ақтау қаласындағы Өкілдігінің директоры, «Oil Construction Company» ЖШС Бас директоры Дәурен Мұханбетұлы Мұратбаймен сұхбаттасып, Серіктестіктің бүгінгі қызметі, жүзеге асырып жатқан жобалары туралы әңгімелесті.

- Дәурен Мұханбетұлы, алдымен, «Oil Construction Company» ЖШС қызметінің негізгі бағыттары мен басымдықтары туралы айтып өтсеңіз.

– «Oil Construction Company» ЖШС мұнай саласына құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізу қызметін көрсетеді. Серіктестік мұнай және газ магистральдық құбырларын, көлемі 20 мың текше метрге дейінгі резервуарларды салу және жөндеу, автомобиль жолдарын салу, реконструкциялау және жөндеу, сондай-ақ өндірістік және инфрақұрылымдық нысандардағы өзге де құрылыс-монтаж жұмыстарын жүзеге асырады. Сонымен қатар жалпы таралған пайдалы қазбаларды өндіреді. Бұл материалдар коммерциялық мақсатта емес, серіктестіктің өз құрылыс-монтаж жұмыстарының қажеттілігін қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

Компанияның тарихы тереңде, үш ірі мекеменің бірігуінен құрылған. Ширек ғасырдан бері қалтқысыз қызмет етіп келеді. Келер жылы ұжым 25 жылдығын атап өтеді.

- Мұнай-газ саласындағы құрылыстың рөлі ерекше екені белгілі. Жұмыстың ерекшелігі мен жауапкершілігі туралы не айтар едіңіз?

– Мұнай-газ саласында құрылыс жұмыстарын орындау жоғары жауапкершілікті талап етеді. Себебі мұндай жұмыстар қауіпті өндірістік нысандарда жүргізіледі және адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, сондай-ақ өндірістің үздіксіз жұмысына тікелей әсер етеді.

Сондықтан біздің серіктестікте өнеркәсіптік, экологиялық және өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау талаптарын бұлжытпай сақтау – басты басымдықтың бірі. Сонымен қатар, құрылыс-монтаж жұмыстарының жобалау құжаттамасына, құрылыс нормалары мен қолданыстағы нормативтік талаптарға толық сәйкестігіне ерекше мән беріледі.

Бұдан бөлек, барлық жобалардың тапсырыс беруші «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ алдындағы міндеттемелерін толық сақталуын және уақытылы, сапалы орындалуына баса назар аударылады. Осы міндеттерді тиімді орындау үшін серіктестікте сапаны бақылау, өндірістік тәуекелдерді басқару, еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік бағытындағы ішкі басқару жүйелері енгізілген.

- Өзіңіз атап өткендей, өндірістік қауіпсіздік – компания қызметінің басты басымдықтарының бірі. Осы бағытта қауіпсіздік деңгейі мен өндірістік тәртіпті күшейту үшін қандай жаңа тәсілдер енгізілуде?

– Иә, өндірістегі қауіпсіздік – басты орында. Сондықтан бұл бағытта заманауи цифрлық шешімдерді енгізуге ерекше көңіл бөліп келеміз. Жуырда өндірістегі қауіпсіздік деңгейі мен өндірістік

тәртіпті арттыру мақсатында электрондық рұқсатнама жүйесі енгізілді. Бұл жүйе қауіпті жұмыстардың орындалуын бақылауға алуға мүмкіндік береді.

- Бүгінгі таңда серіктестік жүзеге асырып жатқан маңызды жобаларға тоқталсаңыз. Қазіргі таңда қандай нысандарда жұмыстар жүргізіліп жатыр және олардың мұнай-газ саласы үшін маңызы қандай?

– Қазіргі таңда «Oil Construction Company» ЖШС бірқатар маңызды өндірістік жобаларды жүзеге асырып жатыр. Серіктестіктің негізгі құрылыс-монтаж жұмыстары Қаламқас және Жетібай кен орындарында жүргізілуде. Бұл жобалар бойынша негізгі тапсырыс беруші – «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ.

Ұңғымаларды бұрғылаудан кейін пайдалануға беру және кен орындарын жайластыру, сондай-ақ мұнай және газ магистральдық құбырларын салу аясында заманауи технологияларды кезең-кезеңімен енгізіп келеміз. Мәселен, 2025 жылдан бастап тот баспайтын болаттан жасалған құбырларды монтаждау технологиясы қолданылса, биылдан бастап коррозияға қарсы қорғаныш жабыны бар құбырларды монтаждау технологиясын енгізудеміз.

Бұған қоса Доңға кен орнында «ОПС-тен КУУН-ға дейінгі №8 жаңа мұнай құбырын салу» жобасы іске асырылып жатыр. Сонымен қатар, Өзен кен орнындағы Мұнайды дайындау және мұнай өнімдерін өңдеу қондырғысының НСМ-4 алаңында көлемі 10 мың текше метр болатын №93-тік болат резервуардың құрылысы жүргізілуде. Оған қоса «Ойл Транспорт Корпорейшн» ЖШС өндірістік базасының құрылысына белсенді қатысып жатырмыз. Бұл жобалардың барлығы серіктестіктің ауқымды жобаларды табысты орындауға толық мүмкіндігі бар екенін көрсетеді.

- Кез келген кәсіпорынның басты күші – оның қызметкерлері. Осы тұрғыдан алғанда, «Oil Construction Company» ЖШС ұжымының ерекшелігі неде?

– «Oil Construction Company» ЖШС ұжымының басты ерекшелігі – кәсібилік, жауапкершілік және командалық рух. Компанияның басым бөлігі вахталық әдіспен жұмыс істейді. Көпшілігі тәжірибелі, өз ісінің білікті мамандары, сондықтан еңбек тәртібін сақтау, бір-біріне қолдау көрсетуге де көңіл бөлінеді. Біз «ашық есік» қағидатын ұстанамыз. Қызметкерлердің ұсыныстары мен пікірлері жіті назарға алынып, көтерілген мәселелерді мүмкіндігінше жедел шешуге тырысамыз. Компанияда корпоративтік мәдениетті дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Ұжымның ұйымшылдығын арттыру, өзара қарым-қатынасты нығайту және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылады. Мұндай бастамалар ортақ мақсаттарға бірлесіп қол жеткізуге ықпал етеді.



– Қызметкерлерді ынталандыру мен кәсіби дамуына компанияда қандай мүмкіндіктер қарастырылған?

— Еңбек өнімділігін арттыру мен кәсіби дамуды қолдау үшін қызметкерлерді ынталандыру маңызды. Бұл бағытта жұмысшылардың біліктілігін арттыруға, кәсіби шеберлігін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Қызметкерлердің разрядтарын көтеру жұмыстары тұрақты жүргізіліп, «Үздік маман» байқауы ұйымдастырылады. Сонымен қатар, звено жетекшілері мен бригадирлерге қосымша ынталандыру төлемдері қарастырылған. Өндірістік қауіпсіздік мәдениетін нығайту мақсатында түрлі конкурстар мен кәсіби іс-шаралар өткізіледі.

– Компанияның әлеуметтік жауапкершілік және қызметкерлерді әлеуметтік қолдау бағытындағы жұмыстарына тоқталсаңыз.

– Біз қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсартуға, әлеуметтік кепілдіктерді кеңейтуге және олардың отбасы мүшелерін қолдауға тұрақты көңіл бөлеміз. Соңғы жылдары материалдық көмектер мен әлеуметтік төлемдердің көлемі ұлғайтылып, сауықтыру, білім алу, көпбалалы отбасыларды қолдау және денсаулық сақтау бағытында жаңа әлеуметтік шаралар енгізілді. Сонымен қатар, өндірістік нысандардағы тұрмыстық жағдайлар жақсартылып, жатақханалар мен әкімшілік ғимараттарға жөндеу жұмыстары жүргізілді.

– Бүгінгі еңбек адамы қандай болуы керек деп ойлайсыз? Әсіресе, жас мамандарға қандай қасиеттер қажет?

– Менің ойымша, бүгінгі еңбек адамына талап күшті. Еңбек адамы өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, кәсіби білімін үнемі жетілдіріп, жаңа технологияларды меңгеруге ұмтылатын маман болуы керек. Кез келген өзгеріске бейімделе алуы, командалармен жұмыс істей алуы қажет.

Өз қызметтік міндетін сапалы орындап қана қоймай, ұжымның, компанияның және тұтас қоғамның дамуына үлес қосуды басты мақсаттарының бірі деп білсе, жетістікке жетеді деп есептеймін. Әрине, барлық уақытты маңызды болған адалдық, еңбек-қорлық, тәртіпті де ұмытпаймыз.

– Құрылысшылар күні қарсаңында әріптестеріңізге қандай тілек айтасыз?

– Бұл мамандықтың қыр-сырын мен де бір адамдай білемін, өйткені бұл қызметке дейін де құрылыс саласында жұмыс жасадым. Сондықтан осы салада еңбек етіп жүрген әрбір маманның еңбегін түсінемін, бағалауға лайық деп білемін.

Барша құрылыс саласының ардагерлері мен мамандарын, әріптестерімізді Құрылысшылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін. Ұжымымыздың бірлігі нығайып, алдағы уақытта да ел игілігі жолында бірге еңбек ете берейік. Мерекелеріңіз құтты болсын!

- Сұхбатыңызға рахмет!



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ӨНДІРІСТІК ҚАЛДЫҚТАР ТҮРЛЕРІН СҰРЫПТАУ

26.06.2026 жылы «Жетібаймұнайгаз» ӨБ қызметкерлері үшін және экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қызметкерлердің экологиялық жауапкершілігін арттыру және өндірістік қалдықтармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру мақсатында «Өндірістік қалдықтардың түрлерін сұрыптау» тақырыбында интерактивті тренинг өткізілді.

Тренинг барысында қатысушылар әр қызметкердің жеке әрекеті кәсіпо-

рынның экологиялық қауіпсіздігіне, қоршаған ортаны қорғауға және болашақ ұрпақ үшін табиғи ресурстарды сақтауға тікелей әсер ететіні түсіндірілді.

Экология – экологтардың ғана емес, әрбір қызметкердің ортақ жауапкершілігі. Қалдықтарды дұрыс сұрыптау – таза қоршаған ортаға қосылған нақты үлес.



МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына медициналық қызмет көрсететін «Neiron-Med» ЖШС еңбек ұжымының Қазақстан Республикасы Медицина қызметкері күніне арналған салтанатты жиыны өтті.

Мерекелік іс-шараға қатысқан «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жұртшылықпен байланыс бөлімінің бастығы Сайын Сүлейменұлы Галидуллин компания басшылығы мен еңбек ұжымы атынан медицина қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Өз сөзінде ол медицина мамандарының адам өмірі мен денсаулығын сақтаудағы ерекше рөлін атап өтіп, олардың күнделікті қажырлы еңбегі, жоғары кәсібилігі мен жауапкершілігі үшін алғыс білдірді.

Салтанатты жиын барысында денсаулық сақтау саласында ұзақ жылдар бойы адал еңбек етіп, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің денсаулығын қорғауға елеулі үлес қосқан бірқатар дәрігерлер мен медициналық қызметкерлерге компания басқармасының Алғыс хаттары табысталды.

Марапаттау рәсімінде медицина қызметкерлерінің жоғары кәсіби біліктілігі, пациенттерге деген жанашырлығы мен өз ісіне адалдығы ерекше атап өтілді.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымы барлық медицина қызметкерлеріне мықты денсаулық, отбасылық амандық, сарқылмас күш-қуат, кәсіби табыс пен жаңа жетістіктер тілейді.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС – БАЛАЛАР ИГІЛІГІНЕ

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлерінің әлеуметтік қолдау бағдарламасы аясында биыл 2110 қызметкердің 7–13 жас аралығындағы баласы жазғы сауықтыру лагерьлерінде демалуда.

Балалардың жазғы демалысы үш өңірдегі сауықтыру орталықтарында ұйымдастырылған. Атап айтқанда, Алматы облысындағы «Айналайын»

балалар лагерінде – 5 ауысым, Көкшетаудағы «Алма Camp» лагерінде – 4 ауысым, Ақтау қаласындағы «Blue Marine» лагерінде – 3 ауысым жұмыс істейді.

Демалыс бағдарламасы балалардың денсаулығын нығайтуға, бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Лагерьлерде мәдени-танымдық,

спорттық және ойын-сауық іс-шаралары ұйымдастырылып, балалардың қауіпсіз әрі мазмұнды демалысына барлық қажетті жағдай жасалған.

Төменде ұсынылған фоторепортажда балалардың жазғы демалысынан жарқын сәттер топтастырылған.



КЕШЕГІ КҮН – БҮГІНГІ ТАРИХ

Маңғыстау мұнайына – 65 жыл, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-на – 60 жыл

Биыл – Маңғыстау мұнайының мерейі үстем, тарихы таразыланатын тағылымды жыл. Қазақ елінің мұнайлы шежіресіне алтын әріппен жазылған Маңғыстау мұнайының 65 жылдығы мен «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының 60 жылдығы – уақыт белесі ғана емес, еңбек пен елдікке қойылған ескерткіш.

Қаратаудың қатпарынан Каспийдің жағасына дейін созылған сайын даланы өндірістің думанына бөлеген осы тарихтың әр бетінде маңдай тер, табанды еңбек, өлкенің ертеңіне деген сенім жатыр. Кешегі боз далада бой көтерген кен орындары мен өндіріс ошақтары бүгінде тәуелсіз Қазақстанның экономикалық қуатын айқындайтын іргелі тірекке айналды.

Бұл – жер қойнауының байлығын ғана емес, адам еңбегінің қадірін де әлемге танытқан буындардың тарихы. Талай қиындықты еңсеріп, өндірістің көшін түзеген ардагер мұнайшылардың адал еңбегі мен өмір жолы – бүгінгі ұрпақ үшін сарқылмас өнеге, ертеңге аманат.

Осы мерейтойларға орай «Мұнайлы өлке» газетінің редакциясы архив қорында сақталған тарихи құжаттарды, сирек фотосуреттерді және өндіріс шежіресіне қатысты құнды деректерді жариялауды қолға алды. Өткенді ұлықтау – тарихқа тағзым ғана емес, ерлікке толы еңбек жолын кейінгі буынның санасына сіңіріп, ұрпақтар сабақтастығын жалғайтын игі іс.



Электросварщик Александр Панченко и слесарь Жарас Ершиев всегда работают дружно, с огоньком.



«Феврале 1987 года первый секретарь обкома партии Ю.Казаченко вручил ордена и медали Советского Союза группе работников объединения "Аннышлакнефть". На снимке: группа награжденных»



В 1986 году в Жетыбае сданы в эксплуатацию 16-квартирный жилой дом и детсад в Старом Жетыбае на 280 мест. В 1988 году коллектив передвижной мехколонны построит 10 двухквартирных домов. Госстрой Казахской ССР принял решение о строительстве в Жетыбае рабочего поселка на 20 тысяч жителей. Проект его в стадии разработки.



Звено Амангалия Карабекова передовое в комплексной бригаде №1 по обработке призабойной зоны. На снимке: /слева направо/ Мамаев Катарбай-водитель АП-16, Жакупов Алдаберген-водитель АП-18 /КАМАЗ/, Сулейменов Мендибай-бригадир, Фрунзе Илья-моторист-водитель АН-700 и Карабеков Амангали-машинист АН-700, старший звена.

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ СПАРТАКИАДАСЫ АЯҚТАЛДЫ

Астана төрінде бірнеше күн бойы нағыз спорт мерекесі салтанат құрды. Мұнайшылар бұл жолы өндірістегі жетістіктерімен емес, спорт алаңындағы шеберлігімен сынға түсті. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еншілес кәсіпорындарының еңбек ұжымдары арасында өткен дәстүрлі спартакиадада әр қатысушы өз командасының намысын қорғап, жеңіске деген жігерін көрсетті.

11-15 маусым аралығында өткен ауқымды додаға ҚМГ жүйесіндегі 40-қа жуық кәсіпорыннан іріктеу кезеңдерінен сүрінбей өткен 900 спортшы қатысты. Олар спорттың 14 түрі бойынша бақ сынап, ұйымшылдықтың, жеңіске деген ұмтылыстың жарқын үлгісін көрсетті.

Спартакиаданың салтанатты жабылу рәсімінде үздік командалар мен спортшылар медальдармен, дипломдармен және кубоктармен марапатталды. Біздің әріптестеріміз де бұл додада жоғары нәтиже көрсетіп, кәсіпорын абыройын асқақтатты.

Арқан тарту сайысында командалық бірліктің, күш пен төзімділіктің арқасында біздің команда жүлделі II орынды иеленді. Бұл – ұйымшылдық пен табандылықтың жемісі.

Ал жеке спорт түрлерінен де әріптестеріміз үздіктер қатарынан көрінді.

Асық атудан “Қаламқасмұнай-газ” ӨБ машинисі Асылбек Әділбаев 15 қатысушы арасынан үздік нәтиже көрсетіп, жүлделі III орынды жеңіп алды. Ұлттық спорт түріндегі бұл жетістік оның мергендігі мен шеберлігінің айқын дәлелі болды.

Садақ атудан “Жетібаймұнай-газ” ӨБ операторы Ерлан Ақтулаев 20 метр қашықтықтағы сайыста 13 спортшының арасынан суырылып шығып, III орынға тұрақтады. Нысана көздеудегі дәлдік пен сабырлылық оған жеңіс тұғырынан көрінуге мүмкіндік берді.

Жүзу жарысында ММГ Сатып алу департаментінің инженері Ғабидула Алия ерекше нәтиже көрсетіп, 200 метр қашықтықта жүлделі III орынға ие болды. Оның табандылығы мен спортқа деген жауапкершілігі көпшілікке үлгі болды.

Спартакиада тек жеңімпаздарды анықтаған жарыс ғана емес, әріптестер арасындағы достықты нығайтып, салауатты өмір салтын насихаттаған маңызды алаңға айналды. Мұнайшылар тағы бір мәрте өндірістегі кәсібилік пен спорттағы қайсарлықтың қатар жүретінін дәлелдеді.

Жеңімпаздарды құттықтаймыз! Бұл жетістіктер – ұжымдық рухтың, қажырлы дайындықтың және жеңіске деген сенімнің нәтижесі. Алдағы уақытта да жаңа белестер мен жарқын жеңістер көп болғай!



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - “Маңғыстаумұнайгаз” АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Л. Жолдыбаева

Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күелігі берілген

➤ Газет жарияланымдарындағы
автор пікірі редакцияның
көзқарасын білдірмейді
➤ Редакция оқырман хаттарына
жауап бермейді және оны
қайтармайды
➤ Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға
болмайды

Газет АҚ-ның
жұртшылықпен
байланыс тобы
ның компьютерінде
теріліп,
беттелді.
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС
баспаханасында
басылды.

Ақтау қаласы,
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе
тел: 8(7292)525 500